

ҮКІЛІ ҮМІТ



№22, 2013 жыл. ГАЗЕТ 2009 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің 155 жылдығына арнайы басылым

Ұлы ойшыл, фольклортанушы, публицист, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті тұлғасы Мәшһүр - Жүсіп Көпеевке - 155 жыл

(1858-1931)

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ

Президент Н.Ә.Назарбаевтың: «Мәдени мұра» бағдарламасының халықты серпілтіп, жер-жерде үлкен қозғау салғаны, осы бағытта облыстарда да игілікті шаралардың атқарылып жатқаны қуантады. Бұл бастама еліміздің рухани түлеуінің басы деп ойлаймын. Сондықтан облыстар да қолға алған шараларды жеріне жеткізіп, бастаған істерін жалғастырғаны жөн. Қазақстанның тарихы, әр ауылдың, әр өңірдің ауыз әдебиетін, тарихын зерттеп, жаздыру арқылы кітап етіп шығару керек», - деген ұлағатты сөзіне біз қатты қуандық. Өйткені бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік туды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мол мұрасын игеру, қолжазбаларын араб, парсы харпінен, қазіргі әліпбиге аудару, одан кейін том-том қылып шығару оңай шаруа емес. Бұл салада С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының игі істерін атап өтуге тұрарлық.

Елбасы өткізген «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты алқалы жиында ф.ғ.д., профессор марқұм Ақселеу Сейдімбековтің біздің ұжымның атқарып жатқан істерін атап өтіп, бұрынғы ректор, қазіргі облыс әкімі Е. Арынға арналған бір ауыз жылы сөзін оқып қатты риза болдық. «Жақсының жақсылығын айт, ырысы тасысын» деген ғой, осы келелі шаруаның басы-қасында жүрген ақылшымыз, ақын немересі ф.ғ.д., профессор Қуандық Жүсіп әулетін айрықша атап өткенді өзіміздің азаматтық парызымыз деп есептейміз.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 1-13 томдықтары жоғары оқу орындарының оқытушы, профессорларына, зиялы қауымға тегін таратылып берілген еді. Ондағы мақсат - Мәшһүр-Жүсіп мұрасын кеңінен насихаттаудан туған ой. Бүгінгі таңда ақынның шығармалар жинағының 20 томдығы жарық көреді деген үміттеміз. Мәшһүр-Жүсіптің таңдамалы өлеңдері орыс тіліне, ағылшын тіліне аударылып оқырманның қолына

тиді. Ал мәшһүртанушылардың шығарған монографиялары, оқулықтары, оқу әдістемелік құралдары жиыны жүз шақты болады. Ең бастысы, ақынның жанында қонақ үйі бар кесенесі бой көтерді. Мәшһүр-Жүсіптің жинаған мол мұраларын игеру жұмысы мұнымен тоқталмақ емес. Алдымызда қыруар жұмыстар күтіп тұрғанын да жүрегімізбен түсінеміз.

Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларын аударып,

Мәшһүртану белестері

баспаға дайындаған сайын таңқалумен келеміз. Академик М. Қаратаев: «Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларының ішінен белгісіз ақын аударған Пушкиннің кейбір өлеңдері шықты», - дейді («Туған әдебиет туралы ойлар», 1958, 117-бет). С. Дәуітов Мәшһүр-Жүсіптің Л.Толстой, А.Пушкин, М.Лермонтов шығармаларымен таныс болғанын жоққа шығармайды. Біздің де бұған көзіміз әбден жетті. Қолжазбаларды аударған сайын тың жаңалыққа кезігіп отырамыз. Ақын Белинский, Дарвин, Затаевич, т.б., қытайдың Конфуцийі, шығыс әдебиеті, орыс (европа) әдебиетімен мейлінше сусындап, орыс мысалдарын қазақша нұсқасына келтіріп жазғанының куәсі болдық. Кеңестер одағының бас саясатшысы Соломенцовтың баяндамасында Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылығына кеңестік дәуірдің көзқарасымен баға берілгені тегін емес. Жиені Жолмұрат Жүсіптің кезінде бірінші хатшы болған Л.Брежневке бірнеше рет Мәшһүр-Жүсіптің дайындаған шығармаларының неге жарыққа шықпай жатқаны жөнінде жазған хаттары жүр. Бұл ақынның қаншалықты халыққа етене

жақын болғанынан хабар береді.

Ең алғаш 1919 жылы мәшһүртанудың негізін салған С. Садуақасовтың Мәшһүр-Жүсіпті жаңа сападағы қазақ әдеби тілін қалаған Абаймен қатар қоюы да тегіннен-тегін емес болатын. Мәшһүр-Жүсіп Абайды, Шәкәрімді өте жақсы білген, Құнанбайды қатты сыйлаған. Жалпы Абай өлеңдеріне тәнті болған, өзіне үлгі-өнеге қылғандығы байқалады. Тіпті, арыға барсақ 1905 жылғы орыс-демократтық төңкерісіне Абай да, Мәшһүр-Жүсіп те бей-жай қарамағаны байқалады. Мысалы, екеуі 1902 жылы хабар-ошар алысып, хат жазысып тұрғанын біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін. Жалпы ағартушы демократтар қазақ зиялыларын да өздерінің істеріне тартқанға ұқсайды.

Биылғы жылы, Мәшһүр-Жүсіптің туғанына 155 жыл толады. Біздің университет қазірдің өзінде тойға деген дайындықты бастап кетті. 2013 жылдың қараша айында «Мәшһүр Жүсіп - әлемдік Ғаламат» атты халықаралық конференция өтеді. Павлодар облысының мектептерінде дәстүрлі «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» өтіп жатыр. Өкінішке орай, ақын шығармаларын алып жатқан кейбір беделді тілші, әдебиетші ғалымдарымыз мәшһүртану мәселесіне қатысып, өз пікірлерін ортаға салмай жүргені қынжылтады. Ал, ол ғалымдардың құнды ойлары, тың пікірлері, жазған ғылыми мақалалары жаңа ғана тәй-тәй басқан жас мәшһүртанушыларға ауадай қажет-ақ. Біз де зәруміз.

Болашақта Мәшһүр-Жүсіптің 160 жылдығы ЮНЕСКО мен ИСЕСКО (Білім, ғылым, және мәдениет саласындағы Ислам ұйымының) алдағы жоспарына енгізілсе, Ұлттық комиссия, оның Бас хатшысы осы мәселеге де көңіл аударса деген ұсынысымыз да бар.

А. Қ. Тұрышев

ф.ғ.д., профессор С.Торайғыров атындағы ПМУ, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының жетекшісі

СҮЙІНШІ!!! ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!!!

2013 жылдың 4 қазан күні Павлодар қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырумен өткен «Мәшһүр Жүсіп оқулары» қалалық конкурсында үздік өнер көрсеткен 10 «Б» сынып оқушылары III орын иегері Тынымхан Ақжолды, «Ең үздік орындаушы» аталымының иегері Төлеутай Айгүлді құттықтаймыз! Жеңістердің биік шыңдарынан көріне беріңдер!



Мектепте Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ілімін таныту және ақынның әдеби мұрасына қызығушылықты арттыру жолдары



Ғасырлар тоғысында өмір сүрген, өз заманының білгірі, данышпаны, ақын, философ, көреген әулие Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың есімі - қазақ даласының, Сарыарқаның мақтанышы. Бүгінгі күнде Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі болған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ұлағатты есімдерді ұлықтау - болашақ ұрпақ алдына қойылатын міндет. Сондықтан да елімізге

танымал тұлғаларды, Сарыарқаның мәшһүрі атанған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев есімін насихаттауды, философиялық терең еңбектерін жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы мемлекетіміздің келешегін құратын жаңа моделді азамат етіп тәрбиелеуді мектебіміздің ұжымы мақсат етіп қойып отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектепте Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектерін жас ұрпаққа тағылым ету курсы жүргізу бойынша бағдарлама жасалды. С.Торайғыров атындағы ПМУ-інің Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығымен жетекші ретінде тығыз байланыс орнатылды, мектеп мұражайының жұмыс бағыты өзгертіліп, мұражайға Мәшһүр-Жүсіп Көпеев аты беріліп, ғылыми-этнографиялық бағытқа ауыстырылды, жыл сайын мектептің оқу-жоспарынан Мәшһүртану курсына факультативтік сағаттар бөлінеді.

«Білімнің көзі - тәрбиеде» дегендей, жас жеткіншектердің адамгершілік, рухани байлықтарын дамытып, олардың келешекте жеке дербес тұлға ретінде тәрбиелеуді көздеген мектеп әкімшілігі мұғалімдер арасынан жеке шығармашылық топ ашып, Мәшһүртану курсы бағытындағы жұмыстың жоспары мен жобасын жасап, осы жобаның іске асыру жолдарының тиімді жағын іздеді. Сонымен мектепте 2008-2009 оқу жылынан

бастап 2-9-сыныптар аралығында мектептің оқу жоспарынан алынған бір сағаттық Мәшһүртану арнаулы курстары бүгінге дейін маңызды орын алууда. Ал ПМУ-інің ғылыми-практикалық орталығы осы атқарылып жатқан жұмыстарға ғылыми жетекші ретінде әдістемелік көмек көрсетуде.

Мектебімізде жас журналистер, полиглот сөз шеберлері - ойшыл жастарды дамыту үшін 2009 жылдан бастап «Үкілі үміт» газеті шығып отырады. Газеттің бірінші беті қызықты мектеп өмірінен сыр шертсе, келесі бөлімінде жас ақындар, ойшыл сөз шеберлері өздерінің туындыларын танытады. Ал үшінші беті ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің белгілі тұлғасы - Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектеріне арналған. Бұл бет, біріншіден, Мәшһүртану курсы жүргізуші мұғалімдерге оқу-әдістемелік құрал болса, екіншіден, оқушыларға қосымша материалдар. Ендігі алдымызға қойып отырған мақсатымыз - осы «Үкілі үміт» газетін үш тілде жарыққа шығару. Мемлекетіміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауындағы «Жаңа өмірдегі - жаңа Қазақстанның» басты мақсаты бәсекеге қабілетті мемлекет қатарынан көрінуде еліміздің мәдениетін, тарихын,

атадан қалған бай мұрасын жарыққа шығаруда халқымыздың үштұғырлығын дамыту саясаты білім беру саласында басты мәселеге айналып отыр. Бұл мәселенің шешімін табу барысында 2012-2013 оқу жылында 1-сыныптарда ағылшын тіліне 1 сағаттан бөліне, 5-6-сыныптарда ағылшын тілін тереңдетіп оқыту сыныптарын ашып отырмыз. Сол сияқты Мәшһүртану курстарын да қазақ, орыс, ағылшын тілінде беру жұмыстары биыл экспериментке алынып отыр. Оның айғағы - оқушыларымыз мектеп мұражайында Павлодар өңірінің байлығын, халқының мәдениеті мен әдебиетін, дарынды тұлғалары туралы үш тілде баяндайды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде мектеп оқушылары өздерінің таланттарымен биіктерден көрінуде.

Әлі де болса бұл бағытта атқарылатын жұмыстар баршылық. Осының негізінде оқу-әдістемелік, материалдық базаны нығайту жұмыстары көзделіп отыр. «Мәшһүртану» арнайы курсы оқытуда пән мұғалімдерінің күзиреттілігін оқушылардың нәтижелілігіне бағыттау мәселесі алға қойылууда.

Д.А.Тайгулин

№19 жалпы орта білім беру мектебінің директоры